

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды Амал мерекесімен құттықтады

НҰР-СҰЛТАН. ҚазАқпарат. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды Амал мерекесімен құттықтады.

«Барша Қазақстан халқын Амал мерекесімен құттықтаймын. Ықылым заманнан бері бабаларымыз бұл күнді «Амал келді, жыл келді» деп ерекше қуанышпен қарсы алған. Дәстүр бойынша осы күні қыстан аман шыққан жұртымыз төс қағысып көріскен. Жыл мерекелі де берекелі болсын!» – деп жазды Мемлекет басшысы өзінің twitter-дегі парақшасында.

1973 жылдың 13 сәуірінен
шыға бастады
mangystaumedia.kz



ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

МАНҒЫСТАУ

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

№23 (10099) 15 наурыз, сейсенбі, 2022 жыл

ОТПАН ТАУДЫҢ БАСЫНДА Бірлік оты жағылды

Наурыз



Маңғаз Маңғыстаудың биік нүктесі – қойнауын тарихқа толтырып, көлденеңінен кесіліп жатқан Отпан таудың басында биыл Амал мерекесі қарсаңында Бірлік оты жағылды.

Сегіз арыстың бірі Бұзау (Жеменей) ата ұрпақтары Отпанның шыңында орналасқан Адай ата кесенесінің жанында бірлік пен татулықтың отын жақты. Жыл сайын дәстүрге айналған бұл бастамаға да биыл 15 жыл болыпты.

Айгүл ОРЫНБАЕВА

Жері мен елі үшін қасиетті қаны қалғанша күрескен ата-бабаларымыздың кезінде бірінге шақырып, ұрандатып жаққан оты осынау бейбітшілік пен тәуелсіз заманда ұрпақтарына бірліктің оты болып бұйырды.

Тұтастық пен татулықты тілеген жұрт жылдағы дәстүрден жаңылмай, биыл да қасиетті Қаратаудың басына жиналып, бір-бірімен көрісіп, өткен жылдан түгел шыққандарына шүкір айтып, тарихтан сыр шертіп, бабаларымыздың жасаған ерлігін паш етіп, шүйіркелесті.

Облыс әкімі Нұрлан Ноғаев тарихи шараға ортақтасып арнайы келіп, елмен бірге болды.

Жиналған қауым алдында облыстың бас имамы күлі кеше қантар оқиғасында жазықсыз қаза тапқандардың рухына арнап, құран оқыды.

Содан соң облыс әкімі Н.Ноғаев сөз алып, бабаларымыздың бірлікке ұйысқан қасиетті тауының басында қалың жұртты ынтымақ пен татулыққа, тәуелсіз еліміздің тұтастығына бекем болуға шақырды.

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай,

тәуелсіздігімізді жариялай отырып, біз ата-бабаларымыздың сан ғасырлық арманын орындадық. Талай аласапыран заманда жан-кешті оқиғалардан халқымыз бірлікке ұйысу-дың арқасында аман-есен өткенін білеміз. Сондықтан ата-бабаларымыздың қанымен келген бүгінгі тәуелсіздігіміз тұтастыққа тікелей тәуелді. Бабаларымыздың ұстанған дәстүрін сақтағанда ғана елдігіміз бекем болмақ. Ендігі мақсат – осы өнегелі өсиеттерді ұрпаққа айтып қана қоймай, сақтау жолында тынбай еңбектенуіміз керек. Халқымыз тағдырдың талай тәлкегін бастан кешірді. Тар замандарда мыңдаған қандастарымыз жер, ел асуға мәжбүр болды. Бірақ тәуелсіздіктің арқасында шетке кеткен бауырларымыз елге оралуға мүмкіндік алды. Қазіргі таңда оралған қандастарымыз елдің дамуына айтарлықтай үлес қосып, еңбек етіп жатыр. Олар да – осы жерді қорғау үшін жан берісіп, жан алысқан ата-бабаларымыздың ұрпағы. Ұрпақтар сабақтастығының арқасында қазіргі таңда еліміз әлемдік қауымдастықта өзінің айшықты орнын алып отыр. Оған себепкер болған халқымыздың ұстанымы, дәстүрге беріктігі. Сол ұғымдарды берік ұстанғанымыздың арқасында іргеміз сәгілмей,

талай қиындықтарды еңсеріп келеміз. Қаншама арыстарымыздан айырылсақ та мойымадық, жігеріміз сынбады. Ендігі мәселе – ынтымақ, бірлік, татулығымыздан айырылмай. Жаһандану кезеңінің келесі жайттарын қабылдамай, ішкі рухты мықтап, білім мен тәрбиені өзімізден бастап, ұрпағымызға өнегелі өсиеттерді жеткізе отырып, әр отбасындағы ата-ана елдік мәселерге көңіл аударғаны дұрыс деп есептеймін. Бабаларымыздың өсиетіне адал болайық. Ел басына күн туғанда ұрандатып, ағайын-туманы бірлікке шақырған бүгінгі бірлік оты тұтастығымыздың белгісі болсын. Руға, жүзге, ұлтқа бөлінбей бір шаңырақ астында бір елге қызмет етуіміздің себепшісі болсын. Амал мерекесі құтты болсын! Бірлігіміз бекем, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын! – деді облыс әкімі Нұрлан Асқарұлы.

Биылғы Амал мерекесі жылдағы дәстүр бойынша Отпан таудың басында кең көлемде аталып өтуі керек еді. Бірақ қаһарлы қыста орын алған қайғылы оқиғадан кейін Бұзау ата ұрпақтары дүркіретіп той жасауды жөн деп санамады.

– Қазақтың салт-дәстүрін насихаттау мақсатында әр түрлі шаралар ұйымдастыру жоспарла болды. Бірақ өздеріңізге белгілі, қантар оқиғасында қаза тапқан жазықсыз жандардың әруағын сыйлап, олардың рухына арнап құран бағыштауды жөн көрді. Ендігі жерде елімізде мұндай қайғылы оқиғалар болмасын, халқымыз бірлікте, татулықта болсын деген ниетпен бірлік отын жағуға ниеттендік. Барлық қазақ еліне амандық, тыныштық, бейбіт өмір тілеймін! – деді Бұзау ата ұрпағы Тағанаяз Бокайұлы.

Амал мерекесінің мән-мағынасы, тарихы тереңде жатыр. Халықты бірлікке шақырып қана қоймай, шалғайда жатқан ағайынды аралап, бауырды бүтіндеп, туған-тумаласты түгендейтін шак. Қыстан аман-есен шыққандарына көз жеткізіп, қол алысып, көрісіп, құшақтасып, қауышып, амандық-саулық сұрасатын сәт. Жолы үлкендерге кішілері сәлем беріп, көрісіп, сыйлас-



тық пен татулықтың нағыз үлгісін көрсетер кезең.

– Қазаққа қарашаңырақ деген ұғым бар. Оның несі-әулеттің кеңісесі. Жиырма бес таңбалы кіші жүздің ішіндегі ең кішісі Адай ата болып есептеледі. Сондықтан Маңғыстау жері – қазақтың қарашаңырағы. Жыл сайын Амал мерекесінде Адай ата кесенесі орналасқан Отпан таудың басына жиналып, көрісетініміз де содан қалған ұғым деп есептеймін, – дейді Отпан тау тарихи-мәдени кешенінің бөлім меңгерушісі Жомарт Аққазиұлы.

«Амал келді, жыл келді» дейтін қазақ бұл күні таңмен таласа тұрып, қазан көтеріп, дастарханның дәмге толтырып, ең сәнді киімдерін киіп, көрші-қоланды аралап, көрісіп, мамыражай күй кешеді. Бала күнімізден санамызға сіңген «Көрісу күні» – біз үшін ұлы той, мейірім мен шапағатқа толы күн. Таң қылаң беріп, бозарып атып келе жатқанда анамыз жаңа туған түйенің ұзын аузымызға тамызып, несібеміздің мол болуын тілеп, ұйқымыздан оятатын. Содан соң барлығымыз дастархан басына жиналып, астан дәм татып, үйдегі үлкен қариямыздың батасын алатынбыз. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» дегендей, ауылдың кішілері үйдегі атам мен әжемнің жасын сыйлап, көрісуге асығатын. Кешке үлкен дастархан жайылып, алыс-жақын ағайын-тумалас қарашаңырақ деп біздің үйге жиналып, көрісіп, ауылымыздың үлкендерінің аталы сөзін, өсиетін тыңдап, бір-бірімізге ақ тілегімізді арнап, арқа-жарқа болып тарасатынбыз. Бұл көріністер әлі күнге дейін өз құндылығын жоғалтқан емес. Себебі жыл сайын қарашаңыраққа жиналып көрісу – біздің әулеттің мызғамас дәстүрі. Сондықтан мен үшін Амал мерекесі қашанда бағалы, қадірлі.

Жиында Қазақстан Ардагерлер одағы төрағасының орынбасары, академик, ел ақсақалы Өмірзақ Озғанбаев, Қазақстан Жазушылар одағы Маңғыстау облыстық филиалының директоры, белгілі ақын Ғалым Әріп, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серікбай Төле-тов сөз сөйлеп, елді ұлт болып ұйысу, кастерлі Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтауға, бір жұдырық болып жұмылып, әркез ауызбіршілік, ұйымшылдық танытуға шақырды.

Белгілі қоғам қайраткері Қайролла Ережепов сөз алып, ұран оты жағылған соң, келесі амалды ұйымдастыру сабақтастығын Тобыш ата ұрпақтарына табыстады.

п етудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдау тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келіспей, атуға;

бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі з бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы ылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, истральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген ысты орындауға;

магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластыр-, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физика-қ қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекульти-циялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өртке қарсы және зет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен зғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгі-енген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге;

– кез келген құрылыстарды салуға;

– автомобильдік көлік құралдарының, тракторлардың және ме-анизмдердің тұрағын ұйымдастыруға;

және басқару органдарының, сондай-ақ құбыр желілері өтетін ауданда жұмыстарды немесе қандай да бір әрекеттерді жүргізетін өзге де кәсіпорындардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Баяндалған талаптарды, қағидаларды, заңды бұзуда кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

Телефондар:

Диспетчерлік қызмет: 8 (7292) 52-57-61 (тәулік бойы).

Қарақия, Маңғыстау ауданы, Жаңаөзен ЖӨБ:

8 (7292) 52-57-80;

Байланыс қызметінің операторы.

Бейнеу ауданы, Маңғыстау ауданы, Бейнеу ЖӨБ:

8 (7292) 52-57-80;

Байланыс қызметінің операторы.

Бейнеу ауданы, Опорный ЖӨБ:

8 (7292) 52-57-80;

Байланыс қызметінің операторы.

Және спорт

есі

лауазымдарына

ин аудан, «Жас
н телефондар:
ystau.gov.kz)

ының «Каспий» фут-
имуналдық мекемесі;
асының «Маңғыстау
ылған балалар мен

масының «Ақшұқыр
қ мемлекеттік меке-

ес басшы лауазым-

өшірмесі не соңғы
атылғаны туралы

аттама нысанда-
инистрі міндетін
ген нысан бойын-

еңгейіне қатысты
тар беру, ғылыми
жұмыс орнының

интернет-ресурс-
ы хабарландыру
аяқталады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

20.05.2022 ж. сағат 11.00-де

Маңғыстау облысында карантиндік режимнің жариялануына байланысты «2022 жылдың II жартыжылдығына арналған Доңға кен орны объектілерінен атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының (ЛЗШН) нормативтері» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау Zoom интернет-платформасы алаңында бейнеконференция арқылы өтеді: <https://zoom.us/j/3103643631?pwd=bzlYbOdTL2N1MmxZTFM3VIN0NDJ4dz09>
МмхZTFM3VIN0NDJ4dz09
Конференцияның идентификаторы: 310 364 3631
Кіру коды: 5266
Карантин режимі алынған жағдайда мына мекен-жай бойынша: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Сайын Шапағатов ауылы, әкімшілік ғимаратында өткізіледі

Қоғамдық тыңдауды өткізу күні,
уақыты және орны

Тапсырыс берушінің атауы және
байланыс деректері

ТЕП Доңға, БСН: 000 941 000 344, 12-ш/а, «Меридиан»
б/о, 79/1-ғимарат, тел.: 8 (7292) 57-17-47

Құжаттаманы әзірлеушінің атауы
және байланыс деректері

«Envirs Consulting» ЖШС, Алматы қаласы, Райымбек
даңғылы, 348 «а», 315-кеңсе, тел.: 8 727 321 21 53
эл. пошта: envirs@mail.ru

Жергілікті атқарушы органның
атауы және қоғамдық тыңдауды
ұйымдастыруға жауапты тұлғаның
байланыс деректері

Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және
табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, жобаларды
экологиялық сараптау бөлімінің бас маманы Арай
Ағланова, тел.: 8 (7292)) 43-10-88

Жоба бойынша құжаттама
орналастырылған бірыңғай
экологиялық портал мен жергілікті
атқарушы органның интернет-
ресурсының мекен-жайы

<https://ecoportal.kz>
<https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/>

Ұсыныстар мен ескертулер
қабылданатын жергілікті атқарушы
органның немесе тапсырыс
берушінің электрондық поштасының
мекен-жайы

moup@mangystau.gov.kz
envirs@mail.ru
Abay.Zhanzakov@dunga.kz